

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР /
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ / SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

DOI 10.54596/2958-0048-2025-3-117-125

ӘОЖ 332.1

ҒТАМА 06.61.33

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ӨңІРДІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫ

Темирханова Ә.С.^{1*}, Исакаева А.М.², Әбіл Е.А.³

^{1*} «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ,
Петропавл, Қазақстан

² А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан

³ Мәжіліс, Астана, Қазақстан

*Хат-хабар үшін автор: asema_sko@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Солтүстік Қазақстан өңірінің әлеуметтік-экономикалық ахуалы зерттеледі. Зерттеудің мақсаты: Жаңа экономикалық саясат кезеңіндегі қалпына келтіру үдерістері, күштеп ұжымдастыру, ашаршылық, индустрияландыру мен әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер қарастырылады. Тарихи деректер мен архивтік материалдар негізінде өңір халқының тұрмыс жағдайы мен қоғамдық-саяси өмірінің ерекшеліктері талданады. Тарихқа тереңірек бойлай түссек, өткеніміз бен бүгінімізді салыстыру арқылы көп жайлардан хабардар боламыз. Бұрынғы Ресей империясының құрамындағы халықтар тарихына үлкен өзгерістер мен сілкіністер әкелген тарих қойнауына кеткен XX ғасырдың бас кезіндегі оқиғалар қазақ халқының тарихында да өшпес із қалдырды. Қазақстанның шекарасының аталған кезеңдегі қалыптасуын зерттеуге бағытталған еңбектер, жалпы алғанда Кеңес Одағы дәуіріндегі, бүгінгі Қазақстан мен ТМД республикаларындағы және шетелдегі ғалымдар тарапынан жазылған еңбектер болып табылады.

Кілт сөздер: Солтүстік Қазақстан, округ, саясат, экономика, статистика, байлар, нәубет, шаруа қожалықтары, декрет.

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА
В 20-30-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Темирханова А.С.^{1*}, Исакаева А.М.², Абиля Е.А.³

^{1*} НАО «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева»,
Петропавловск, Казахстан

² Костанайский региональный университет им. А. Байтұрсынова, Костанай, Казахстан

³ Мәжіліс, Астана, Казахстан

*Автор для корреспонденции: asema_sko@mail.ru

Аннотация

В данной статье исследуется социально-экономическая ситуация Северо-Казахстанского региона в 20-30-е годы XX века. Цель исследования: рассматриваются восстановительные процессы в период новой экономической политики, насильственная коллективизация, голод, индустриализация и изменения в социальной структуре. На основе исторических данных и архивных материалов анализируются условия жизни и особенности общественно-политической жизни населения региона. Углубляясь в историю, мы узнаем о многих вещах, сравнивая наше прошлое и настоящее. События начала XX века, которые привели к большим изменениям и потрясениям в истории народов в составе бывшей Российской империи, оставили неизгладимый след и в истории казахского народа. Труды, направленные на изучение формирования

границ Казахстана в данный период, в целом являются произведениями ученых эпохи Советского Союза, современных республик Казахстана и СНГ и за рубежом.

Ключевые слова: Северный Казахстан, округ, политика, экономика, статистика, богачи, наубет, крестьянские хозяйства, декрет.

THE SOCIO-ECONOMIC SITUATION OF THE NORTHERN REGION IN THE 20-30s OF THE TWENTIETH CENTURY

Temirkhanova A.S.^{1*}, Issakayeva A.M.², Abil E.A.³

^{1*}*Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan*

²*Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan,*

³*Deputy of the Mazhilis, Astana, Kazakhstan*

**Corresponding author: asema_sko@mail.ru*

Abstract

This article examines the socio-economic situation of the North Kazakhstan region in the 20-30s of the twentieth century. The purpose of the study: the reconstruction processes during the period of the new economic policy, forced collectivization, famine, industrialization and changes in the social structure are considered. Based on historical data and archival materials, the living conditions and features of the socio-political life of the region's population are analyzed. As we delve into history, we learn about many things by comparing our past and present. The events of the early twentieth century, which led to great changes and upheavals in the history of the peoples of the former Russian Empire, left an indelible mark on the history of the Kazakh people. The works aimed at studying the formation of the borders of Kazakhstan in this period are generally the works of scientists from the era of the Soviet Union, the modern republics of Kazakhstan and the CIS and abroad.

Keywords: North Kazakhstan, district, politics, economics, statistics, rich, naubet, peasant farms, decree.

Кіріспе

Қазақстан тарихындағы XX ғасырдың 20–30 жылдары – халық тағдырына аса ауыр соққы болып тиген кезең. Кеңес өкіметінің экономикалық саясатындағы өзгерістер, әсіресе ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен күштеп отырықшыландыру үдерістері қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесін түбегейлі бұзды. Солтүстік Қазақстан өңірі — еліміздің негізгі астықты аймағы болғандықтан, кеңестік биліктің саяси-экономикалық науқандары бұл аймақта ерекше қарқынмен жүзеге асырылды.

Қазақстанның Солтүстік облысы кең жазиралы орманды дала аймағын алып жатыр. Бүгіндері Еуразия елдерін мекен еткен көп халық көне уақытта сан тарау соқпақтарымен шиырылып, тіршілік жасады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеуде тарихи-ғылыми талдау принциптері негізге алынды. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды жан-жақты қарастыру үшін төмендегідей әдістер қолданылды: тарихи-салыстырмалы әдіс – Солтүстік Қазақстан өңірінің жағдайын басқа аймақтардағы үдерістермен салыстыра отырып саралауға мүмкіндік берді. Деректанулық талдау – архивтік құжаттар, ресми статистикалық мәліметтер, мерзімді баспасөз материалдары қарастырылды. Жүйелік талдау әдісі – әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді кешенді түрде бағалауға қолданылды. Сандық-статистикалық әдіс – халық санының өзгерісі, мал шаруашылығы мен егіншілік көрсеткіштерінің динамикасын айқындауда пайдаланылды. Зерттеу материалы ретінде: Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі құжаттар; Қазақ өлкелік партия комитетінің шешімдері мен нұсқаулары; 1920–30 жж. халық санағы және ресми статистикалық деректер; М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Әбілхожин, Т.О. Омарбеков сияқты отандық

тарихшылардың еңбектері; М. Олкотт және басқа да шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

Талқылау

1928 жылы 27 тамызда Қазақ АКСР ХКК мен ОАК-нің «Бай шаруаларын кәмпескелеу» туралы қаулысы шығып, соның нәтижесінде 657 «байлар» мен «жартылай феодалдар» мемлекеттен қуылып, олардың 145 мың бастан аса ірі қара мал тәркіленді. Тәркілеудің барысында Петропавл округінде 34 аса ірі бай анықталып, олардың 9,3 мың мал басы, 37 киіз үй, 38 сарай, 33 ат қора, 30 шөп шабатын машина, 31 соқа, 14 шана және т.б. тәркіленді [1]. 1931 жылы 1926 жылмен салыстырғанда ірі қара мал 85%-ға кеміді, ал қой саны 95%-ға кеміді. Малдың еті мен сүті азық болған халықта жейтін еш нәрсе қалмады, халықты аштық жайлады. 1931-1933 жж. ашаршылық республикадағы халық санының төмендеуіне алып келді. 1917 жылға дейін және одан кейінгі жылдары Қазақстан саяси жер аударылғандардың мекені болды. XX ғасырдың басында патша үкіметі қазақ жерін толықтай өз меншігіне айналдыру үшін славян ұлттары көбірек қоныстандыруға тырысты. Қазақ жеріндегі пайдалы қазба көздерін уысында ұстауда республиканы көп ұлттын мекенге айналдырудың үлкен мәні бар екендігін білді, екіншіден бұл өлке түрлі сынақ жүргізуге аса қолайлы еді.

XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанда болған түрлі нәубеттер де халық санына елеулі әсер етті. Қуғын-сүргін нәтижесінен республиканың алдыңғы қатарлы ұлт зиялылары, қайраткерлері атылды, лагерьге айналды. Бұл турада академик М.Қ. Қозыбаев былай деп жазған еді: «... 1929-1930 жылдары «Алаш» қозғалысының А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаевтар бастаған жетекшілері мен мүшелері тұтқындалды. Ұлт, халық қамын ойлағандардың «саясатқа қайшы» пікірлері мұқият қадағаланып, «ерекше папкаға» түсіп отырды. Тоталитарлық езгі машинасы үздіксіз жұмыс істеп келді. ... 1931-1938 жылдардағы қуғын-сүргіннен соң үрей билеген, пікір айтуға батылы бармайтын көнбіс халық қана қалды. Сол жылдардан Сталин дүниеден өткенге дейінгі аралықта Қазақстанда 103 мың адам саяси айып тағылу арқылы сотталса, оның 25 мыңы «ОГПУ – НКВД үштіктері» үкімімен, сот үкімімен атылған көрінеді. Олардың негізгі бөлігі – халықтың қадірлі азаматтары, ұлттың қаймағы...» [2, 137 б.].

Азамат соғысы жылдарында ауыл шаруашылығы күйзеліске ұшырады. Солтүстік өңірде егін егістігінің көлемі қысқарып, мал басы азайды. ЖЭС енгізілген соң шаруаларға салыстырмалы түрде еркіндік берілді: Петропавл қаласы қайтадан ірі сауда орталығына айналды; жәрмеңкелер мен жеке кәсіпкерлік орындары ашылды; ауыл шаруашылығында егіншілік пен мал шаруашылығы қатар дамыды. Бұл кезең аймақ экономикасының қалпына келуіне мүмкіндік берді, бірақ уақытша сипатта ғана болды.

1928 жылдан бастап бай-құлақтарды тәркілеу мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясаты күшейтілді. Солтүстік Қазақстанда бұл үдеріс жаппай қарсылық туғызды. Қазақ шаруаларының мал-мүлкі тартып алынды; мал басы күрт азайды: 1929–1933 жж. аралығында аймақтағы мал саны 80%-ға дейін кеміді; халықтың бір бөлігі босқынға айналып, көршілес аймақтарға, Сібірге, Қытайға қоныс аударды. Ашаршылықтың зардаптары аса ауыр болды. Зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, 1930–1933 жылдары Солтүстік Қазақстан халқының үлкен бөлігі қырғынға ұшырады.

Кеңестік индустрияландыру науқаны өңірдің әлеуметтік құрылымына елеулі өзгерістер әкелді. Петропавл қаласында диірмен, май зауыты, теміржол шеберханалары жұмыс істей бастады; сырттан жұмыс күші тартылып, аймақтың этникалық құрамында

орыс, украин, неміс халықтарының үлесі өсті; жұмысшы табы қалыптасып, қалалық мәдениет дами бастады. Алайда тұрмыс деңгейі төмен, еңбек жағдайы ауыр болды.

Қазақ ауылдарының дәстүрлі құрылымы күйреді, көшпелі өмір салты тоқтады; білім беру ісінде алғашқы мектептер ашылып, сауатсыздықты жою науқаны жүргізілді; дінге қысым жасалып, мешіттер мен медреселер жабылды; ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілістері орын алды (1929–1931 жж.). 1930-жылдардың ортасына қарай қуғын-сүргін күшейіп, өңірдің зиялы қауымы мен дін өкілдері қудалауға ұшырады.

Тек 1929-1931 жылдар аралығында 281.230 қазақ атамекенінен ауа көшіп, жат елдерден пана іздеді, 5.551 қазақ сотқа тартылды, 883 қазақ атылды. 1930 жылы 5.873.000 адамнан 1933 жылы 2.493.000 адам қалды. XX ғасырдың 30-шы жылдардағы ашаршылық салдарынан қаза тапқандар саны жөнінде ғалымдар арасында әркілі мәлімет пен деректер қалыптасқан. Деректер мен айғақтардың ортақ түйіні адам шығынының орасан зор болғанын көрсетеді. Ж. Әбілқожин, М. Қозыбаев, М. Тәгімовтердің 1988 жылы бірігіп берген деректерінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылықта табиғи өліммен 250 мыңдай қазақ қайтыс болғанын, яғни бұл қазақтардың 7%-ын құрайтынын, сонымен бірге аурудан және аштықтан Республикада тікелей 1.750.000 қазақтың, яғни Республиканың байырғы халқының 42%-ының қайтыс болғаны туралы пікірді айтқан. 1988 жылы жарық көрген «Депортированные Казахстан народы: время и судьбы» деп аталатын жинаққа кірген өздерінің мақаласында белгілі тарихшылар Ж. Әбілқожин мен М. Қозыбаев осы деректерді қайта келтіре отырып, Халық шаруашылығының Орталық мемлекеттік мұрағатынан табылған жаңа құжаттардың деректері негізінде 1937 жылы КСРО көлеміндегі қазақтардың саны 2.862.458 адам болған деп көрсеткен [3].

Кесте 1. Солтүстік Қазақстан облысының тұрғын халқының саны:

Қала атауы	1932 ж.	1933 ж.	1934 ж.	1935 ж.
Петропавл	65800	65800	73200	80185
Көкшетау	13500	13500	13500	15499
Атбасар	6900	4532	4532	4679
Степняк	13136	11992	11992	19275
Барлығы	99336	95824	103224	119638
Қарағанды облысы				
Ақмола	40000	40000	40000	35600
Қарағанды	50508	67157	65171	96289
Барлығы	90508	107157	105171	131889
Жалпы	189.844	202.981	208.395	251.527

Халық-шаруашылық есептеудің облыстық басқармасының есебі бойынша «Солтүстік Қазақстан облысының 01.01.1936 жылы ауыл тұрғын халықтарының саны: колхозшылар барлығы – 348.358; жеке шаруалар – 32484; жұмысшылар мен қызметкерлер – 159.444; барлығы – 540.286 адамды құраған» [4]. Халық-шаруашылық есептеудің облыстық басқармасының есебінен: «1936 жылы Солтүстік Қазақстан облысы құрылар алдындағы Қарағанды облысының қала тұрғындарының саны: Ақмолада – 47.888; Атбасарда – 5.793; Қарағандыда – 126.034; Көкшетауда – 16.299; Петропавлда – 90.280; Степняк қаласында – 23.353; Барлығы – 309.647 адамға жеткен», – деп көрсетілген [5].

1936 жылғы облыс басқармасының есебі бойынша «Қарағанды облысы бойынша 16 жастан 50 жасқа дейінгі ересек тұрғын халықтың құрамы»:

Қалалар бойынша барлығы: әйелдер – 24.189; қазақтар – 12.802; жұмысшылар – 32.470; қызметкерлер – 12.595; колхозшылар – 3.381; жеке шаруалар – 154; басқалары – 3.752; барлығы – 52.352;

Ауыл халқы: әйелдер – 115.069; қазақтар – 83.673; жұмысшылар – 35.699; қызметкерлер – 14.540; колхозшылар – 172.154; жеке шаруалар – 8606; басқалары – 1284; барлығы – 232.283;

Облыс бойынша барлығы: әйелдер – 139.258; қазақтар – 96.475; жұмысшылар – 68.169; қызметкерлер – 27.135; колхозшылар – 175.535; жеке шаруалар – 8760; басқалары – 5036; барлығы – 284.635», – деп көрсетілген [6].

XX ғ. 30-шы жылдарының соңына қарай Қазақстандағы әр ұлттар санында өзгешеліктер байқалды. Сырттан көшіріліп әкелініп қоныстандыруға байланысты Оңтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық және Солтүстік Қазақстандағы халқының арасында біршама өсім байқалды.

Гладышева Е.Н. мәліметі бойынша, 1926-1939 жылдарында облыстағы қазақтардың жалпы саны – 16%-ға кеміп, ал орыстардың саны керісінше артқанын көрсеткен. Сол жылдары қазақтардың басқа аудандарға, қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына қарай көшіп кету үрдісі байқалды. Сонымен қатар, 1939 жылғы санақ украин халқының төмендеу көрсеткішін (1926 ж. 24%-дан 13%-ға дейін) көрсетті. Бірақ, бұл украиндердың санының кеміп кетуінен емес еді, керісінше Қазақстанда туып, орыстардың арасында тұрған соң, өздерін орыс ұлты деп санап, 1939 жылғы санақ кезінде өздерін орыс ұлты деп жаздырған болатын. Сол себепті украиндердың кему үрдісі байқалған. 1939 жылы облыстағы басқа ұлт өкілдерінің ішінде ең көп деген халықтың 3-2%-ын құраған немістер мен татарлар еді, ал қалған 4%-ын 1937 жылы Қиыр Шығыстан көшірілген кәрістер, түрлі кезеңде орналасқан басқа ұлт өкілдері: мордова, чуваш, белорус, поляктар құраған.

Солтүстік Қазақстан халық шаруашылық статистикалық жинағындағы 1939 жылғы 17 қаңтардағы халық санағының көрсеткішіне сәйкес, облысы тұрғындарының саны 363,0 мың адамға жеткен деп көрсетілген. Дегенмен, Гладышева Е.Н. «Северо-Казахстанская область» атты еңбегінде 1939 жылғы санақ кезіндегі Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындардың жалпы санын 365,3 мың адамға жеткендігін жазған. Облыс халқының үштен бірін құраған оңтүстік аудандарында орналасқан, ең көп үлесті *қазақтар*: Октябрьда – 34%, Совет – 31%, Преснов – 29% құрады. Облыстың орталық бөлігінде – Есіл маңы мен Ленин аудандарында олардың үлес салмағы 19%-ға дейін төмендеп, ал солтүстік аудандарда мүлде – 9-10 және 5%-ға дейін (Соколов ауданында) төмендегенін көруге болады. Керісінше, солтүстік аудандарда – 70%-дан астамы *орыс* халқы кеңінен таралған (Соколов ауданында - 82%). *Украиндер* Совет (30%), Булаев, Преснов және Ленин аудандарында (16-18%-дан) орналасқандықтары туралы көрсеткен болатын. *Немістер* көбінесе өзге ұлттармен араласып тұрған. Олардың Петропавл қаласындағы үлес салмағы 16%, Полуденде 9% тұрса, Ленин мен Конюхов аудандарында бірнеше неміс колхоздары да болғанын атап көрсетеді. Соколов пен Октябрь аудандарында немістер мүлде болмаған. *Татар* ұлтының бірқатар үлес салмағы: Петропавлда (8,5%), Мамлют ауданында (6,1%), әсіресе Мамлют жұмысшы ауылында (20%-ға жуық) артқанын жазған [7, 73-74 с.].

Нәтижелер

Соңғы жылдары Қазақстан тарихнамасында республиканың қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық жағдайына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылу үстінде. Солардың ішінде өткен ғасырдың басынан Солтүстік Қазақстан территориясына қоныстанып, облыстың экономикалық, әлеуметтік-саяси демократиялық тұрғысынан жедел дамуына өзіндік үлес қосқан әртүрлі ұлттардың тарихы болып табылды. Себебі, әртүрлі этностар бүгінгі таңда қоғамда бірігіп өмір сүріп, Қазақстанның егеменді тұтқасын берік ұстанып келеді. Өткен тәжірибелер көрсеткендей, ұлтаралық татулық, мемлекеттік тұрақтылық елдегі экономиканы өркендетуге, ғылым мен мәдениеттің дамуына жәрдемдесетіндігі маңызды мәселе дей аламыз. Этносаралық қатынастардың үйлесімділігі тақырыбының маңыздылығы Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Біз ұлтына және діни сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін, әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз», – деп айырықша атап көрсетті [8, 7 б.].

XX ғасырдың 20-50 жылдары Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөліну ерекшеліктері бойынша республика халқының арасындағы қазақтардың саны мен үлесін аймақтардағы қалалар мен ауылдар бойынша (губернияларда, уездерде, округтерде және облыстарда) орналасу жағдайларын талдап және оны орыстардың санымен салыстырып қарастырсақ, осы зерттеу аралығында Республика халқының аймақтарға шоғырлануы мен санының өсіп-кеміген қарқыны, тарихи өзгерістер мен халықтың құрамына әсер еткен жағдайлар демографиялық сипатын барынша өзгерістерге түсіргенін көрсетеді. 1926-1959 жылдары Солтүстік аймақта тұратын халықтардың саны 1.152.497 (11 есе) адамға өсіп, 58,1 пайызға артты. Олардың арасында қазақтардың саны 41.863-ке (92,4 пайызға) кемісе, ал орыстардың қатары керісінше 7.655.99-ға (38,4 пайызға) жоғарылаған еді. Қалада тұратындардың саны 7.500.59-ға, яғни 12,4 пайызға жоғарлап, оның ішінде қазақтардың қатары 8.496.6-ға (10,0 пайызға) артты, орыстардың саны 4.387.04-ке (13,7 пайызға) көбейген екен. Ауылда тұратындардың саны 4.024.38-ге, демек 78,8 пайызға өсіп, оның ішінде қазақтардың саны 1.268.29-ға (76,7 пайызға) азайса, ал орыстардың саны керісінше 3.268.95-ке (55,5 пайызға) артқанын көруге болады [9] 1950-1960 жылдары Солтүстік Қазақстан облысында халық саны көші-қон есебіне өсіп, қала, әсіресе ауыл тұрғындарының саны артты.

Кесте 2. 1954-1964 жылдар аралығындағы Солтүстік Қазақстан облысының село тұрғындарының өсу динамикасы:

Жылы	Тұрғын саны (мың адам)
1954	237,1
1957	287,7
1959	312,8
1961	327,8
1964	366,5

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, облыстың село тұрғындарының өсу қарқыны айқын көрініп тұр. Келгендердің ішінде 300-ден астам инженер-техникалық қызметкерлері, 5,5 мың трактористер, комбайнерлар мен механизаторлар болған [10].

Ұлы Отан соғысы жылдары кезінде Одақтың еуропалық бөлігінен көшірілген бірқатар ірі зауыттар мен фабрикалардың, соғыстан кейінгі кезеңде Петропавлда жаңа

өндіріс орындарының салынуы, облыстың экономикасы мен мәдени дамуындағы қаланың рөлі тұрғын халықтың өсуіне алып келді. Нәтижесінде, 1959 жылы Петропавл қаласында 131 мың тұрғын болды. Қала Алматы, Қарағанды, Семей және Шымкенттен (153 мың тұрғын) кейін 5 орында тұрды. Облыстағы социалистік құрылыс кезінде (1940) қала типтес қоныстар: Булаев (8,9 мың тұрғын), Мамлют (7,5) және Смирнов (5,4) сияқты еңбекші елді мекендері пайда болды. Олар теміржол бекеттері және аудан әкімшілік орталығы болғандықтан ірі елді мекендерге айналды. Олардың әрқайсысында орта мектеп, аудандық Мәдениет үйі, 2-3 кітапхана, қалалық парк, қонақ үй, пионерлер үйі, бірнеше дүкендер, асхана, облыстық газет баспасы, радио орталық және шағын электростанциясы, май зауыты, жергілікті және бірлескен кәсіпорындары болған. Облыстың жалғыз ірі қаласы - Петропавл 1959 жылы қала халқының шамамен 84%-ын және жалпы халықтың 29%-ын шоғырландырған.

1976 жылғы Солтүстік Қазақстан халық шаруашылық статистикалық жинағындағы көрсеткіштерге сәйкес, облыстағы аудандар бойынша тұрғын халықтың саны: *барлығы*: 15.01.1959 ж. – 469,2 мың адам; 15.01.1970 ж. – 555.8 мың адам; 15.01.1971 ж. – 555.5 мың; 15.01.1975 ж. – 555.8 мың; 01.01.1976 ж. – 557.7 мың адам, оның ішінде: қалада – 236.1 мың, ал ауылда – 321.6 мың адам; 01.01.1981 ж. – 580.2 мың адамды құраған [11].

Кесте 3. Жеке ұлт өкілдерінің халық саны (мың адам)
(халық санағының көрсеткіші бойынша)

Ұлт өкілі	1959 ж.	1970 ж.	1979 ж.
Барлық тұрғындар	469.2 мың адам	555.8 мың адам	572.7 мың адам
Қазақтар	58,5	83,1	95,3
Орыстар	301,8	352,7	363,1
Украиндер	44,6	44,9	39,9
Немістер	35,2	37,6	37,6
Татарлар	12,0	14,7	15,6
Белорустар	5,2	8,6	7,2
Литовтықтар	2,1	1,6	1,1

Кестеде көріп отырғанымыздай, қай кезеңде болмасын облыстағы орыс ұлтының саны басқа ұлт өкілдеріне қарағанда едәуір жоғары болған. Ал литов ұлт өкілдері керісінше, жылдан-жылға көрсеткіші төмендей берген. Жалпы, 1970-1980 жылдары Қазақстандағы демографиялық ахуал қалыпты жағдайда болды.

Кеңес Одағы ыдырар алдында елде бұрын байқалмаған толқулар күшейді. Н. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» кітабында: «Ең қауіптісі – олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», - деп жазды. Ал XX ғасырдың соңында тек Кеңестер елінде ғана емес, бүкіл әлемде ауқымды ұлттық ояну басталған болатын [12].

Кесте 4. 1989 жылғы нәтиже бойынша Солтүстік Қазақстандағы этностар динамикасы:

Этнос	Саны
Қазақтар	206060
Украиндар	70525
Орыстар	469636
Немістер	86716

1990-1995 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысы халқының саны төмендеп кетті. Жалпы қазақтар 1989-1992 жылдар аралығында туу коэффициенттері шамалы дәрежеде төмендеді. Ал 1993-1995 жылдары туудың төмендеуі сәл күшейе түскен. Туу коэффициенттерінің төмендеуіне қазақтардағы көп балалы отбасының шағын отбасыға көшуі, урбанизацияның әсері, облысаралық миграцияның, ауданнан қалаға, шағына қаладан ірі қалаларға көшудің күшеюі себебінен болды. Сонымен қатар, жалпы жүктілік көрсеткіші де күрт төмендеп кетті. Қала мен ауылдар арасындағы айырмашылықтар да үлкен болды. Туу коэффициентінің төмендеуіне өлім-жітім, өзге ұлт өкілдері жаппай ата-мекендеріне қайтуы да себеп болды. Ал біздің қандас бауырларымыздың көшіп келуі солтүстік аймақта баяу жүрді. Әлеуметтік жағдайлары да төмен көрсеткіште болды, сол себептен елде демография төмендеді [13].

Қорыта келгенде Солтүстік Қазақстан облысында өзге облыстармен салыстырғанда халық саны төменгі көрсеткіште. Сондай-ақ, байырғы ұлтқа қарағанда өзге ұлт өкілдерінің басымдылығымен ерекшеленеді.

Қорытынды

XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Солтүстік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ахуалы халық үшін аса ауыр кезең болды. ЖЭС жылдарындағы салыстырмалы еркіндік қысқа мерзімге ғана созылып, кейінгі ұжымдастыру, ашаршылық және қуғын-сүргін өңірдің демографиялық және әлеуметтік дамуына орны толмас зардаптар әкелді. Дегенмен, бұл кезеңде индустрияландыру нәтижесінде қалалар дами бастады, жаңа әлеуметтік топтар қалыптасты.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Солтүстік Қазақстандағы байлар: қоғамдағы орны, әлеуеті мен шаруашылықтарының тәркілеуге ұшырауы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі АР 26104469).

Әдебиет:

1. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақстан, 1992.
2. Олкотт М. Қазақтар. – Алматы: Санат, 1994.
3. Абылхожин Ж. Қазақстандағы 20–30 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық процестер. – Алматы, 1985.
4. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, қорлар.
5. Кабульдинов З.Е. Народ Казахстана: история и современность. – Алматы: Арман ПВ, 2007. – с.174-175.
6. Самаркин С.В. Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в конце XIX – первой четверти XX века. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. - Караганда, 2010. – 29 с.
7. СҚМА. 53-қор, 3-тізбе, 3-іс, 92 б.
8. СҚМА. 41-қор, 1-тізбе, 1-іс, 5 б.
9. СҚМА. 55-қор, 3-тізбе, 36-іс, 11 б.
10. СҚМА. 41-қор, 1-тізбе, 10-іс, 20-23 б.
11. Мұқанов Қ. Міржақыптың Қызылжарда болған жылдары туралы // Қызылжар нұры, 23 қаңтар 2009. – 37 б.
12. Қожахметов Б. Қамалдым өткелі жоқ терең жорға // Солтүстік Қазақстан, 14 шілде 2006. – 24 б.
13. Жұмағали Тілеулин. Деректер, қайраткердің еңбектері және құжаттар жинағы / Құраст. С. Мәлікова, А. Мырзағали, Т. Долганова, К. Байгунакова. – Петропавл, 2015. – 277 б.

References:

1. Qozybaev M.Q. Aqtañdaqtar aqıqaty. – Almaty: Qazaqstan, 1992.
2. Olcott M. Qazaqtar. – Almaty: Sanat, 1994.

3. Abylhojin J. Qazaqstandaǵy 20-30 jyldardaǵy áleymettik-ekonomikalyq prosester. – Almaty, 1985.
4. Qazaqstan Respyblikasynyń Ortalyq memlekettik arhivi, qorlar.
5. Kabýldinov Z.E. Narod Kazahstana: istoria i sovremennos. – Almaty: Arman PV, 2007. – s.174-175.
6. Samarkın S.V. Sosialno-demograficheskie prosesy v Severnom Kazahstane v konse XIX – pervoi chetverti XX veka. Avtoreferat dissertasiı na soiskanie ýchenoi stepeni kandidata istoricheskikh naýk. Karaganda, 2010. – 29 s.
7. SQMA. 53-qor, 3-tizbe, 3-is, 92 b.
8. SQMA. 41-qor, 1-tizbe, 1-is, 5 b.
9. SQMA. 55-qor, 3-tizbe, 36-is, 11 b.
10. SQMA. 41-qor, 1-tizbe, 10-is, 20-23 b.
11. Muqanov Q. Mirjaqyptyń Qyzyljarda bolǵan jyldary týraly // Qyzyljar nury, 23 qańtar 2009. – 37 b.
12. Qojahmetov B. Qamaldym ótkeli joq tereń jorǵa // Soltústik Qazaqstan, 14 shilde 2006. – 24 b.
13. Jumaǵalı Tileýlin. Dereker, qairatkerdiń eńbekteri jáne qujattar jınaǵy / Qurast. S. Málíkova, A. Myrzaǵalı, T. Dolganova, K. Baıǵýnakova. – Petropavl, 2015. – 277 b.

Information about the authors:

Temirkhanova A.S. – corresponding author, doctor PhD, Kozybayev University, Petropavlovsk, Kazakhstan, e-mail: asema_sko@mail.ru;

Issakayeva A.M. – doctoral student, Kostanay regional university named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan, e-mail: isakaevaaiko@mail.ru;

Abil E.A. – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan; e-mail: yerkinabil@gmail.com.